

Куанышбаева Ж.Б.
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ
магистрант

Аңыздық халық прозасындағы жалқы есімдер

Адамзат атаулыны сонау ерте кезден бері жаратылыс құпиясы қызықтырып келеді. Жердің жаратылуы, құдайлар, адамдардың пайда болуы секілді алғашқы көріністер миф түрінде өмірге келді. Бұл жөнінен әлемдік аренаға ерте шыққан грек мифологиялық туындылары біршама ғажайып көрсеткішке ие. Біздің түркі жұртындағы ежелгі мифологиялық шығармалар да бұл құндылықтан кенде емес. Ертедегі адамдар табиғатты да, жер-суды, тау-тасты, ағышты, өсімдіктерді де жанды нәрсе деп есептеп, оларға сиынып отырған. Уақыт өте келе адамдар арасынан шыққан көзі ашық ғұламалар сын көзбен қарап талдау жасай бастаған.

Топонимдерге, соның ішінде ежелгі миф, аңыздарға байланысты жер-су аттарына талдау жасағанда өткен дәуірлердің көне тарихи беттері ашылары хақ. Бұл жөнінде Суперанская: «Әрбір атаулар, әсіресе көне атаулар тарихи ескерткіштер сияқты. Өйткені, онда өткен дәуірлердің әлеуметтік жағдайы, тұрмыс, этнографиялық ерекшеліктері, ең негізгісі, сол кезеңдегі тілдің қалпы көрінген», - деп айтады [1,19].

Қазақ даласындағы көптеген оронимдер жайында қызықты мифологиялық әңгімелер кездеседі. Бұл адамзат баласының өте ертеде өзін табиғаттан бөлмей қарайтын кезіндегі көзқарасынан туса керек.

Қазақ фольклорында жаратылыстық әр түрлі көріністер туралы, неше түрлі формадағы тастар мен шың-құздар жайлы, сондай-ақ сырт түрімен ерекшеленетін тау, шоқы, өзен-көлдер жайында ертегіден басқа небір әдемі аңыздар мен әңгімелердің болуы – заңды нәрсе. Бұрын бірде ертегі, бірде аңыз деп жалпы аталып келген халық прозасын бірнеше түрге бөлген С.Қасқабасов монографиясының «Миф» деген бөлімінде мифке мынадай анықтама береді:

«Біздің қазақ фольклоры тұрғысынан қарағандағы миф деп отырғанымыз - әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті типологиялық сипатымен оған жақын келетін, дүниенің, жаратылыстың әр түрлі құбылыстары мен объектілерінің пайда болуын, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқы ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар»

Қазақ халық ауыз әдебиетінде орындау, баяндау, қолдану түрлері бойынша классикалық үлгінің екі түрі – проза және поэзия берілген»[2,23].

Қазақ фольклортану ғылымында ең алғаш аңыз жанрының жан-жақты қыр-сырын ашып, толыққанды зерттеу жүргізген С.Қасқабасов [2,67] болды. Ол қазақ халық прозасын екі үлкен топқа бөледі: аңыздық проза және ертегілік проза (ертегіден басқа прозалық шығармалар). Аңыздық прозаны төмендегідей жанрларға жіктейді: миф, хикая және аңыз, әпсана-хикаят, ал ертегілік прозаны жануарлар жайындағы, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық және сатиралық.

Қазақ аңыздық прозасының жоғарыда аталған жанрларындағы жалқы есімдердің құрамын алдын-ала талдау олар бір-бірінен құрамы жағынан да, фольклорлық мәтіндердегі атқаратын қызметі жағынан да ұқсамайтындығына көз жеткізеді. Мысалы, қазақ мифтерінде әлі мифологиялық сана мен ойлаудың сарқыншақтары кездеседі, тірі мен өлі бір-біріне өзара ауысады, сиқырлы жартылай адам, жартылай хайуанат кейпіндегі кейіпкерлер (кентавр) араласқа түседі. Бір рулық қасиетке ие рудың ата-бабалары мен белгілі бір жануарлар тобының тотемдері қолданылады. Сонда мұндай фольклорлық мәтіндерде мифтік жандар мен мақұлықтардың аттары – құдайлардың, әзәзіл, перілердің, тотемдік жануарлардың аттары, яғни нақты емес, ойдан шығарылған жалқы есімдер қолданылады. Мифологиялық топонимдер де сол сияқты – олар белгілі бір ғана аймаққа тән емес, олар географиялық картада жоқ, сипаттамалық қасиетке ие, сондықтан да олар жалпы сөздерге жақын тұрады.

Қазақ мифтерінде топонимдерге айналған антропонимдер де кездеседі. Адамдар жансыз нысандарға – тастарға, тауларға, жоталарға айналады. Мұндай құбылыс лирик, кең құлашты эпик ақын, жазушы, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің қаламынан туған эпикалық шығарма – «Көкшетау» поэмасында орын алған. Бұл поэмада жасы қырыққа таяп қалған батыр ел шетін әрдайым қорғап жүреді, демалу дегенді білмейді. Қатты шаршаған батыр бір күні тауға айналады [2,87]. Батырдың аты Жеке батыр болатын, ал мифтік кейіпкерге айналған тау да «Ұйықтаған батыр» деп аталып кеткен. Әрине, ұйықтап жатқан батырдың тауға айналуы екіталай, дегенмен ерте заманда адамдар оған сене білген. Ол жөнінде С.Қасқабасов былай дейді: «Ежелгі көне мифті алғашқы қауым адамы қиял деп есептемеген, оған, оның оқиғасы мен мазмұнына кәміл сенген». «Жеке батыр» атауының С.Сейфуллин өлеңіндегі бейнеленуіне қарайтын болсақ, ұқсату белгісі қойылғандығы рас:

Денесі биік жота таудай басы
Сақалы төсін жапқан қыр мұрынды,

Киюлі баста жатыр дулығысы, - деген жолдар осының айғағы. Көріп, ұқсату арқылы мифологиялық әсерлі әңгіменің шыққандығы көрініп тұр. Осы сияқты мифологиялық антропонимдер мен топонимдердің түріне қазақ мифтерінің мәтіндерінде кездесетін Қоңыр әулие, Келіншектау, Қарынбай, Қырыққыз, Жетіқарақшы, Темірқазық, Ақбозат, Көкбозат, Сауыр, Толағай т.б. сынды жалқы есімдер жатады.

Кез келген аңыз астында шындықтың болмауы мүмкін емес. Қазақ фольклорында жеке батырлардың (Алпамыс, Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын т.б.) елеулі істерін ерекше әспеттеу заңды құбылыс.

«Келіншек орониміне келетін болсақ, бұл да халық аузында әсерлі әңгімесімен айтылып келгені аян. Ақын-жазушылар шығармасында бұл сарын тіпті көріктеніп кетеді. Д.Досжановтың шығармасында бұл хикая әдеби тілмен әспеттеп берілген. Оның қысқаша мазмұны мынадай:

Бір әйгілі байдың сұлу қызы күнгей елінің бір жігітіне ұзатылады. Әлгі бай жалғыз қызымнан аярым жоқ деп, бар дүние-мүлкін қыз жасауына қосып беріп жібереді. Қаратаудың қыр арқасына көтерілген керуенді түгендеп шыққан қызы итаяғының жай өрік ағашынан шабылғанын байқайды. «Әкем сарандық жасапты, итаяғымды күмістен соқтырмапты», - деп күйеу жігітті аулына қайыра шаптырыпты. Бар дәулетін сыпырып арттырып жіберген ақылды әке әлгі сөзді естіп қатты налыпты. Қызына тас жүрек екенсің, тас бол деп теріс батасын беріпті. Әлгі шөгіп жатқан түйелер, бұйда тартқан қалыңдық солай тұрған –тұрған жерінде тасқа айналып қалыпты».

Мұнда сөздің магиялық күшіне сену басым. Сонымен қатар әңгіме астарында адамды дүниеқоңыздықтан бойын аулақ ұстауға тәрбиелейтін халықтық педагогиканың нышаны байқалады.

Тілдік тұрғыдан қарайтын болсақ, Е.Қойшыбаевтың сөздігінде «Келінтау» «Келінтөбе» деген сөздерге келу егістігімен сәйкестендіріп, «Жиын жер», «Жиын төбе» деген мағына береді. Қазақта келін сөзі мен келіншек сөзінің айырмашылығы аз. Шек – көлшік, үйшік дегендегі кішірейту мәнін білдіретін –шік қосымшасының көне түрі болуы мүмкін. Себебі жаңа түскен келінді «келіншек» деп атайды. Бұл сөз салыстырмалы шырайдың –ша, -ше жұрнақтырынан да алыс кетпейді (сұрша, көкше) – келін-ше-к.

Біздің топшылауымызша «Келіншек тау» алғаш «Жиын тау» мағынасында қолданылып, бірте-бірте заттанып, бұрынғы мағынасы ұмытылған болуы мүмкін. Уақыт өте келе мағынасын түсінбеген халық ұқсату белгісіне қарап, әсерлі миф тудыруы ықтимал.

Мифологиялық хикаяларда бұл жанрдың негізгі қасиеттеріне дүниеде әр түрлі мақұлық, жындар мен ғажайыптар бар деген сенімнің болуы, өмірде болған адамдардың аттары мен нақты географиялық нысандардың топонимикалық атаулары және өмірде болмаған жалқы есімдер кездеседі.

Мысалы: Төле би батыр, Бикеш, Бай бала, Аңшы Ыстан т.б.

С.Қасқабасов [2,149]: «Хикая жанрында қазақтардың әр түрлі мифтік мақұлықтар мен құбыжықтар туралы түсініктері барынша айқын түрде бейнеленеді. Сондықтан хикая дегеніміз – ел өмірде бар деп сенген неше түрлі жезтырнақ, албасты, күлдіргіш, жалғыз

көзді дәу, шайтан, пері, дию сияқты құбыжықтар туралы діни нанымға негізделген әңгімелер», - деп жазады.

Кейбір хикаялардың мәтіндерінде жезтырнақ, кара дәу, сары қыз, албасты жалқы есім сияқты қолданылады да бас әріппен жазылады.

С.Қасқабасовтың таптастыруы бойынша топонимдік, тарихи және шежіре болып бөлінетін аңыздарда шынайы оқиғалар, тарихи тұлғалар мен нақты мекен жайлар сөз болады. Бұл қазақ фольклоры жанрларындағы жалқы есімдердің мәтін жасаудағы орнының ерекше жоғары екендігінің айғағы, өйткені онда антропонимдер, топонимдер мен жалқы есімдердің көптеген түрлері қолданылады. Тарихи, топонимдік шежіре шынайы болып келеді де, олардың географиялық, тарихи, этникалық негіздері болады. Әрине, топонимиялық аңыздарда топонимдердің түрлі салалары - өзен-су, елді мекен, тау, сай-сала атаулары қолданылады, өйткені ол аңыздың да басты көздеген мақсаты қандай бір жалқы есімнің шығу төркінін (этимологиясын) түсіндіруге байланысты.

Топонимдік аңыздарға кіретін топонимдер құрамы географиялық тұрғыдан әр алуан болып келеді Қазақстанның әр түрлі аймақтарын қамтиды.

Типологиялық тұрғыда топонимдік аңыздарда оронимдер, ойконимдер, гидронимдер және т.б. топонимдік типтердің түсініктемесі беріледі. Топоним мен топонимдік аңыздың таралу шегі бір аймақ көлемінде шектеулі де, жалпыхалықтық та бола береді. Мысалы, кейбір топонимдік аңыздар халық арасында кеңінен тараған фольклорлық мәтіндерге кіргендіктен, қазақ тілін тұтылатын қалың көпшілікке мәлім. Бұлардың қатарына мәселен, «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» эпикалық поэма мәтініне енген Баянауыл, Қарқаралы, Домбыралы, Моншақты, Қазылық, Тарак, Сабындыкөл көлі, Шідерлі, Бұланты өзендері атаулары жатады.

С.Қасқабасовтың көрсетуінше [2,180-183], қазақтың топонимдік аңыздары екі топқа бөлінеді:

- 1) қандай да бір тарихи оқиғаға байланысты аңыздар;
- 2) өзен, көл, тау, елді мекен аттарын түсіндіретін ерте заманда орын алған қияли болып танылатын, бірақ мифтік емес, осы өмірде болуы әбден мүмкін, ықтимал оқиға, іс-әрекеттермен байланысты аңыздар.

Бірінші топтағы аңыздарда топонимдермен қатар фольклорлық мәтіндерде тарихи антропонимдер, яғни нақты тарихи есімдер кездеседі. Мысалы, «Шомқалған сай» аңызында нақты тарихи оқиғалар – қазақтардың қолбасшыларының Қоқан-Хиуа хандарына қарсы күресті жүргізген қолбасшылардың бірі Сұраншы Ақылбеков бастаған қазақ сарбаздарының Қопа өзеніндегі шайқас болған жерлер көрсетілген; Мәтінде Қопа, Отар, Шомқалған жер-су атаулары мен Сұраншы Ақылбеков антропонимі кездеседі.

«Жорғабел» топонимдік аңызында нақты тарихи оқиға сөз болмай, халық өмірінде орын алуы мүмкін оқиғалар келтіріліп, онда тек өткен көне замандардың сарқыншағы елес береді, сондай-ақ бұл аңызда Ақтөбе, Жорғабел сынды нақты топонимдермен қатар, өткен заманда нақты тарихи тұлғалардың есімдері болуы мүмкін махмұт хан, Жұпар, Тұлаға антропонимдері қолданылады.

Сонымен қатар қазақтың топонимдік аңыздары арасында ешбір нақты негізі жоқ, нақты тарихи деректен аулақ жатқандары да бар, олардағы ойдан шығарған фактілер мен оқиғалар басымдылығы, қосып айтуаңыздарға біршама көркемдік шарттылық беріп тұрады, сол арқылы олар аңыз белгілеріне ие болады. Ондай аңыздарға С.Қасқабасов «Көк төбет», «Ертіс толқыны», «Ыстық көл», «Марқакөл» және т.б. жатқызады.

Сөйтіп, қазақтың топонимдік аңыздарындағы жалқы есімдердің құрамы мен түрлерін анықтау қазақ фольклорлық шығармаларының осы жанрының көздеген мақсатты ұстанымы – географиялық атауларды түсіндіру қажет болғандықтан, оларда жалқы географиялық атаулардың міндетті түрде және жиі кездесетіндігін көрсету.

Бұл фольклорлық жанрдың екінші бір ерекшелігі, нақты қолданыстағы географиялық атаулардың қатысуы. Тарихи топонимдік аңыздарда топонимдердің түрлі салалары ғана емес, тарихи антропонимдер де кездеседі.

Қазақтың топонимдік аңыздарындағы этнолингвистикалық тұрғыдан, сан жағынан ең көлемдісі де қызықтысы осы топонимдер екенін атаған жөн. Сан жағынан топонимдік аңыздар ұлан-ғайыр көп екендігі – күмәнсіз жай, біздіңше, әлі де олар жинақталып, жүйеленіп біткен жоқ.

Е.Керімбаевтың [3,164] көрсетуінше, бұрынғы ауызша түрде өмір сүрген топонимдік аңыздар төңкеріске дейінгі баспасөз беттерінен бастап қазіргі жазушылар шығармаларына дейін түрлі дереккөздерде көрсетіліп, шашырап жүр. Қазақстанның әр аймағында халық арасында сақталған, әлі де жиналмаған, жергілікті сипаттағы топонимдік аңыздар мен хикаялар өз зерттеушілерін күтуде.

М.Әуезов пен Л.Соболевтің [4,103-105] айтуынша: «Күй аңыздарда қазақ фольклорының барлық ерекше формалары араласып кеткен. Бұл жерде біз новелла түріндегі жануарлар туралы ертегілерді («Боз торғай», «Көбік шашқан» немесе «Кісен ашқан») тарихи жырларды да, («Сарыөзен») жоқтауды да, («Жошы хан») естіртуді де т.т. таба аламыз».

Күй аңыздардағы топонимдер, антропонимдер мен жалқы есімдерге қазақ халық ауыз әдебиетіндегі антропонимикон, топонимикон және жалқы есімдердің басқа топтарына жататын миф, аңыз, хикая, тұрмыстық әңгімелердің жанрлық және семантикалық ерекшеліктері тән, өйткені күй аңыздар миф, аңыз, хикая және тұрмыстық әңгімелер түрінде қолданылады.

Қазақ фольклорының бұл жанрының ономастикалық кеңістігінде алуан түрлі мәдени-генетикалық қабаттарға жататын жалқы есімдер де бар. Фольклорлық жалқы есімдердің құрамы мен типологиясын анықтау барысында, қазақ фольклорының ономастикалық кеңістігіне күй аңыздарындағы жалқы есімдер де енеді. Күй аңыздары атауларының ерекшелігі мен типтеріне сөзбен өрнектелген фольклор жанрының синкреттілігі өз әсерін тигізеді; олардан мифтің де, аңыздың да, хикаяның да, тіптен ертегі мен эпостың да белгілерін табуға болады [5,14-17], күйдегі оқиғаның пайда болу уақыты, көрініс табу параметрлері мына тарихи кезеңдерге бөлінеді:

- 1) біздің дәуірімізге дейін YIII-Y ғасырлар – біздің дәуіріміздің YI ғасыры;
- 2) оғыз-қыпшақ дәуірі (YI – XII ғасырлар аралығы);
- 3) ноғайлы кезеңі (XII – XYII ғасырлар аралығы);
- 4) жоңғар шапқыншылығы кезеңі (XII – XYIII ғасырлар аралығы);
- 5) XYII-XIX ғасырлар аралығы және XX ғасырдың басы.

Жалқы есімдердің басым көпшілігі қазақтың тарихи аңыздарында кездеседі. Тарихи аңыздардың өзіндік ерекшелігі бар бөлігі – қазақ шежірелерінде, әсіресе антропонимдер, патронимдер, генонимдер, этнонимдер көптеп кездеседі.

Шежіре дегеніміз ру, тайпалардың генеалогиясы екендігі белгілі, яғни олардың түп төркіні, шығу тегі жөніндегі айрықша мәнді құжат іспетті, осы себептен де ол өте құнды тарихи дерек қана емес, шежіреде, сондай-ақ қазақ тілінің тарихи лексикологиясы, этнолингвистикасы, ономастикасына қатысты маңызды мағлұматтар бар. Тарихи аңыздарға С.Қасқабасов [2,157-159] шешендік сөздерді де жатқызады, оларды шежіредегідей нақтылыққа, шындыққа деген бейімділік айқын көрініс табады.

Тарихи әңгімелердегі фольклорлық жалқы есімдерді С.Қасқабасовтың [2,157-160] қазақ тарихи аңыздарын, ондағы баяндалатын оқиғаға, кейіпкерлерге, жалпы тақырыбы мен мазмұнына байланысты шартты түрде 6 топқа жіктеуі негізінде бөлуге болады.

Бұл: 1) қазақ тарихының YII-XII ғасырлар аралығындағы оғұз-қыпшақ дәуіріндегі оқиғалар баяндалатын аңыздар (оларда Қорқыт, Ахмет Ясауи, Арслан сынды және сол дәуірдің басқа да қайраткерлері кездеседі).

1) XIII-XV ғасырлардағы моңғол шапқыншылығы мен Алтын орда дәуіріндегі оқиғаларды баяндайтын аңыздар (олардың негізгі кейіпкерлері Шыңғыс, Жошы, Токтамыс, Едіге, Темір, Сыпыра жырау).

2) XV-XVIII ғасырлардағы қазақ хандығының қалыптасу, гүлдену кезеңіне қатысты оқиғаларды баяндайтын аңыздар (бұл жерде басты кейіпкер ретінде хандықтың іргетасын қалаушы Жәнібек хан мен оның ізбасарлары көрініс табады).

3) ХҮІІ ғасырдағы қазақтардың жоңғар басқыншыларына қарсы шайқастарын баяндайтын аңыздар; ондағы тәуелсіздік үшін күресті жүргізуде үлкен рөл атқарған Абылай, Қазыбек, Әбілқайыр, Бұхар, Қабанбай, Бөгенбай және т.б. сынды негізгі тұлғалар халық батырлары мен әйгілі би-шешендер және басқа қайраткерлер.

4) Сырым, Исатай, Махамбет пен Жанқожа бастаған ХҮІІІ – ХІХ ғасырлар аралығындағы халық көтерілістері туралы хикаялар.

5) 1916 ж. халық-азаттық қозғалысы туралы, жер-жердегі көтерілістердің жетекшілері мен ұйымдастырушылары: Амангелді, Бекболат және т.б. туралы хикаялар.

Антропонимдер мен топонимдердің тарихи хикаяларды көрініс тапқан тарихи дәуірлерге қарай таптастыруға негізделуі фольклорлық жалқы есімдер таптастыруының диахрондық (хронологиялық) типіне жатады. Бірақ кейбір тарихи аңыздарда бір оқиға желісінде әр тарихи кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалар кездесе береді. С.Қасқабасовтың [2,167] пайымдауынша, тарихи хикаялардың өздері де бір фольклорлық жанр ретінде кезеңдестіруге ұшырайды да, нәтижесінде түрлі дәуірдегі оқиғалар мен кейіпкерлер бір әңгіме шеңберінде немесе оның нұсқасын қатар кездесе береді. Тарихи хикаялардағы жалқы есімдер түрінің құрамын анықтағанда бұл фольклорлық жырдың осы ерекшелігін ескерген жөн.

С.Н.Әбзеловтің айтуынша [6,191]: «Әңгіме астарында жатқан шынайы оқиғалар нақты қабылданбай, халық қиялынан туындайтын сиқырлы күш туралы түсініктер бұрыннан белгілі, бірақ күнделікті шындықпен байланысы әлсірей бастаған кейбір фактілерге «ғажайып» түсінік беруге негіз пайда болғанда, хикаялар біртіндеп аңызға айнала бастайды, кейде жағдайларда айналатын да».

Қазақ аңыздары өзінің тақырыбына, сюжет құрамына және көркем-идеялық мазмұнына қарай шартты түрде [2,191] тарихи-мекендік, кітаби-діни және әлеуметтік-утопиялыққа бөлінеді.

Тарихи-мекендік аңыздардағы антропонимдер мен топонимдер нақты тұлғалар мен нақты географиялық нысандарды атағанмен, «топоним тарихының да, атышулы, белгілі кейіпкерлердің-әрекеттері де өмірде аңызда бейнелегендей бола алмайтындығын» айту керек [2,191].

Кітаби-діни аңыздарда діни кітаптарда аттары аталатын әулиелер: Ескендір, Қызыр (Қыдыр), Жебірейіл, Мұса, Мұхамбет, Сүлеймен, Лұқпан және т.б. кездеседі.

Кітаби-діни антропонимдердің негізін Құранда кездесетін есімдер құрайтынын атау керек. Бірақ қазақтың кітаби-діни аңыздарында есімдері Құранда кездеспейтін әулиелердің есімдері қолданылған, олар мифологиялық кейіпкерлер мен исламға дейінгі кезеңдегі әулиелердің аттары.

Әлеуметтік-утопиялық аңыздар халықтың өмірімен, тарихымен тығыз байланысты келеді, халықтың бақытты өмірді көксеген арманын көрсеткендіктен, оларда нақты топонимдер мен антропонимдер кездеседі.

Әлеуметтік-утопиялық аңыздардың бас кейіпкері Жерұйық пен Жиделі Байсынды іздеп, Қазақстанның көптеген жерін аралаған Асан Қайғы болып табылады.

Қазақ жалқы есімдерінің құрамы мен типтерін алды-ала талдау барысында байқағанымыздай, қазақтың фольклорлық ономастикалық кеңістігінің қалыптасуына, фольклорлық мәтіндердің нақты бір фольклорлық жанрға жататындығы оның құрамына әсерін тигізеді.

Фольклорлық шығармалардағы жалқы есімдер тек идиоэтикалық семантикасы бар тілдік бірліктер ғана емес, олар мәтін жасаушы, стиль, бейнежасаушы қызметті атқаратын, мәтін ішінде және одан тыс көптеген мағыналық байланысы мен ассоциациялары бар эстетикалық категория.

Дегенмен, қазақ фольклорының нақты жанрлық формаларына, түптеп келгенде фольклорлық жанрдың өзіндік ерекшелігінен туындайтын, жалқы есімдердің нақты сапалық және типологиялық құрамы тән.

Антропонимдер мен топонимдердің тарихи хикаяларды көрініс тапқан тарихи дәуірлерге қарай таптастыруға негізделуі фольклорлық жалқы есімдер таптастыруының диахрондық (хронологиялық) типіне жатады. Бірақ кейбір тарихи аңыздарда бір оқиға желісінде әр тарихи кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалар кездесе береді. С.Қасқабасовтың [2,167] пайымдауынша, тарихи хикаялардың өздері де бір фольклорлық жанр ретінде кезеңдестіруге ұшырайды да, нәтижесінде түрлі дәуірдегі оқиғалар мен кейіпкерлер бір әңгіме шеңберінде немесе оның нұсқасында қатар кездесе береді. Тарихи хикаялардағы жалқы есімдер түрінің құрамын анықтағанда бұл фольклорлық жырдың осы ерекшелігін ескерген жөн.

Аңыздық халық прозасындағы жалқы есімдердің табиғатын зерттеу, олардың ерекшеліктерін анықтау, семантикасы мен этимологиясын ашу, әр халықтың, әр аймақтың жалқы есімінің сөзжасамдық құрылымын талдау зерттеушілерді жалқы есімді тарихи ғана емес, ұлттық та деген тұжырым жасауға итермелейді.

Әдебиеттер:

1. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. М. 1973. —336с.
2. Каскабасов С.А. Казахская сказочная проза. Алма-ата: Наука, 1990. —240с.
3. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном, функциональном аспектах. Алматы, 1995. — 248с.
4. Ауэзов М. Мысли разных лет. Алма-Ата, 1961.
5. Сейдімбек А. Қазақтың күй аңыздары (құрылымы және жанрлық ерекшеліктері). Филол. ғылым. докторы диссерт. автореф. Алматы, 1997. —366.
6. Абзелев С.Н. Проблемы международной систематизации преданий и легенд// Русский фольклор. М.; Л., 1966.

Резюме

В данной статье исследовано имена собственных их смысл, этимология и структура в легендах, а также подчеркивается, что собственные имена дают информацию не только об истории нации, но и о национально-патриотических осведомленности.

Resume

This article researches the proper names' meaning, etymology and structure in the legends and also emphasizes that proper names give information not only about the history of the nation but also about the national patriotic awareness.

Özet

Bu makalede efsanedeki özel isimlerin anlam, etimoloji ve yapı bakımından incelemekle bir milletin sadece tarihini değil milli şuurunu da öğrenilebileceği hakkında bahsedilmektedir.